



Ноутбукқа арналған әмбебап адаптер DEXP W-90A

Құрметті сатып алушы!

"DEXP" сауда маркасымен шығарылатын бұйымды таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Біз Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған бұйымдарды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Құрылғыны пайдаланбас бұрын, осы Пайдаланушының нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз."

Әмбебап адаптер ноутбуктерді қуаттауға арналған.

Сақтық шаралары

1. Бұл құрылғыны тек тағайындалуы бойынша пайдаланыңыз.
2. Бұл құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
3. Адаптер ноутбукке қосылған кезде ілулі күйде болмауы керек. Адаптерді тегіс, қатты бетке қою керек.
4. Адаптерді жаппаңыз және оған бөгде заттарды қоймаңыз
5. Құрылғыны ылғалдан, түрлі сұйықтықтардан, сондай-ақ жылу көздерінен қорғаңыз.
6. Құрылғыны өзіңіз ашпаңыз немесе бөлшектемеңіз. Бұл адаптерде пайдаланушы қызмет көрсететін элементтер жоқ.
7. Бұл құрылғыны ұзақ температураға ұшыратпаңыз.
8. Бұл құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
9. Егер құрылғының жұмысында ақаулар болса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
10. Көрінетін зақым болған жағдайда құрылғыны пайдаланбаңыз, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
11. Құрылғыны ноутбуктен ажыратқан кезде, оның бүлінуіне жол бермеу үшін кабельді емес, коннектордан ұстаңыз.
12. Жұмыс кезінде адаптердің қуат көзі қызуы мүмкін, бұл ақаулық емес.

Қауіпсіз пайдалану ережелері мен шарттары

1. Сіздің ноутбүгіңіздің немесе түпнұсқа адаптердің паспорттық тақтайшасында көрсетілген кіріс қуаттылығының осы адаптердің шығыс қуаттылығымен сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Қажетті қуаттылықты мына формула бойынша есептеуге болады: Вольт x Ампер = Ватт.
 2. Тиісті пішін мен кернеу құрылғысының коннекторын ноутбукке қосыңыз.
- Ескертпе: кейбір ноутбук модельдері үшін қуат кабелінің коннекторының пішіні сәйкес келуі мүмкін, ал шығыс кернеуі әртүрлі болуы мүмкін. Сіздің ноутбүгіңіздің бүлінуіне жол бермеу үшін оның сипаттамаларына сәйкес келетін дұрыс коннекторды қолданыңыз. ± 1 В ауытқуға жол беріледі.
3. Құрылғыны желіге қосыңыз.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: W-90A.
- Қуат параметрлері: 100-240 В, 50/60 Гц, 1.8 А.
- Шығыс кернеуі және қуат блогының тогы: 19.5 В, 4.62 А.
- Шығыс қуаттылығы: до 90 Вт.
- Коннектордың шығыс кернеуі (коннекторға байланысты): 18-20 В.
- Үйлесімді құрылғылардың түрі: ноутбук.
- Максимальды үйлесімділікті қамтамасыз ету үшін 6 ауыстырылымды коннекторлар.
- Энергияны үнемдеу технологиясы.
- Асқын кернеуден, қызып кетуден, шамадан тыс жүктемеден, қысқа тұйықталудан және шамадан тыс токтардың әсерінен қорғау.
- Автоматты қуатты ауыстыру.
- Түпнұсқа өндірушілердің стандарттарына сәйкестігі.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), өткізу және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын жайларында, өндіруші қаптамасында, 5 °C...40 °C температура аралығында және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 %-дан аспайтын жерлерде сақтау керек. Жайларда коррозия тудыратын қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді бұлары) болмауға тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталған соң оны әдеттегі тұрмыстық қалдықпен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейін қайта өңдеу мен кәдеге жаратылуы үшін электрлік және электрондық жабдықтарды қабылдайтын сәйкес орындарға өткізілуі тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесіңіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу өкілетті сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Кепілдікті қызмет көрсету шарттары

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығының шарттарына сәйкес пайдаланылған бұйымның кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан элементтерін уәкілетті сервис орталықтарының аумағында тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 6 ай.

Пайдалану мерзімі: 12 ай.

Сервис орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Ухань Виздом Электроникс Ко., Лтд.

1(8) каб., 1-5 корп., 2 қанаты, Мидиум Энд Смолл Энтерпрайзес Сити, Дунсиху ауданы, Ухань қ., Хубэй пров., Қытай.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN» г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар Кеден Одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы»;
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр-магниттік сәйкестілігі».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Ерекшеліктер, өнім туралы ақпарат, оның конфигурациясы мен функционалдығы пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Құрылғының іс жүзіндегі интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

